- 2) Эмитенттің ұйымдық құрылымын, Директорлар кеңесі бекітетін штаттық деңгейлерді ескере отырып, Эмитенттің штат кестесін бекітеді;
- 3) Эмитенттің бюджетін, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ оның атқарылуы туралы есепті бекітеді;
- 4) Директорлар кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжаттардың жіктеуішіне сәйкес Эмитенттің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды бекітеді;
- 5) Эмитенттің міндеттемелерін Эмитенттің меншікті капиталының 10 процентіне дейінгі мөлшерге ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды;
- 6) егер заңнамада және Жарғыда мұндай шешім қабылдау Эмитенттің басқа органының құзыретіне жатқызылмаса, уақытша бос ақшаны орналастыру мақсатында эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бағалы қағаздарды сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;
- 7) Эмитенттің тауар белгісін және корпоративтік сәйкестендірудің өзге де құралдарын бекітеді;
- 8) Жарғы бойынша өткізілген сатып алулар нәтижесінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде Қоғам активтерінің жалпы құнының 10 пайызынан (он пайызынан) аз мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер кешенін жасау туралы шешім қабылдау;
- 8-1) Қоғам Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңесші органдар (комитеттер, комиссиялар) құру, олардың құрамын айқындау, ережелерді бекіту туралы шешім қабылдайды;
- 9) даму жоспарын, іс-шаралар жоспарын, жылдық бюджетті орындауға және Қоғам қызметінің жоғары негізгі көрсеткіштерін қамтамасыз етуге бағытталған Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, корпоративтік хатшыны, орталықтандырылған сатып алуды бақылау қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін ынталандыру жүйесін бекітеді;
- 10) Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының қарауына енгізілген барлық мәселелерді алдын ала қарайды және бекітеді;
- 11) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы жұмыс өтілі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіпте:

10.03.2020ж. - 05.12.2023ж. - "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілдігінің директоры.

06.12.2023ж. – қазіргі уақытқа дейін – "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

Эмитенттің жеке тұлғаға тиесілі дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің әрбір тұлғаға тиесілі жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері.

1) қызметтің негізгі түрі:

Эмитенттің міндеттері азық-түлік астықтың резервтік қорын сандық және сапалық жағынан сақтау арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін жеткізу арқылы ішкі нарықты тұрақтандыруға және экспортты дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ отандық экспорттаушыларды ақпараттық-талдамалық қолдау болып табылады.

Эмитенттің қызметі:

1) астықты және оның қайта өңдеу өнімдерін сатып алуды, қалыптастыруды, есепке алуды, сақтауды ұйымдастыруды, өткізуді;

2) агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды іске асыру;

3) осы Жарғыда көзделген Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін заңнамалық актілермен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы.

Эмитенттің қызметі сатып алынатын және сатылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің маусымдылығымен анықталады, осылайша оның өткізудің маркетингтік кезеңі және өнімді сатып алу кезеңі болады. Осы сипатты және тарихи қалыптасқан тәжірибеге байланысты сатудан түскен табыстың негізгі үлесі әр жылдың қаңтар-тамыз аралығындағы кезеңге келеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сату Корпорация қызметінің негізгі түрі болып табылады және Эмитенттің жалпы кірісінің 100%-ын құрайды, ал қазынашылық операциялардан түсетін кірістер негізгі емес қызметтен түскен басқа кірістерге жатады.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Қазақстан нарығындағы халықаралық ойыншылар: "Содружество" компаниясы, Viterra (Glencore).

Қазақстандық компаниялар: "Агро Нан Экспорт" ЖШС, "Фирма Арасан" ЖШС, "Көмек Бидай" ЖШС, "ARS Trading" ЖШС, "Атамекен-Дос" ЖШС, "Pioneer Grain Products" ЖШС.

4) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар.

Теріс фактор – өнімнің төмен шығымдылығы мен сапасы.

Жағымды факторларға әлемдік астық нарығындағы бағаның өсуі, жоғары өнімділік, қарыз арудың пайыздық мөлшерлемесінің төмендеуі жатады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



5) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат.

Лицензиялар (патенттер) немесе ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық шығындар, оның ішінде Эмитент демеушілік ететін зерттеулер мен әзірлемелер жоқ.

6) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі.

27,6 %.

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі:

0 %.

7) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер.

Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан эмитент активтерінің жалпы сомасының 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты оның қатысуымен жүргізілетін сот ісін жүргізудің мәнін көрсете отырып, Эмитенттің сот өндірісіне қатысуы туралы мәліметтер жоқ.

8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

Қаржылық жағдайға және Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындауға әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдерге мыналар жатады:

1) Эмитент үшін контрагенттердің жасалған форвардтық сатып алу шарттары бойынша астықты жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамауы, проблемалық дебиторлық берешектің өсуі, түсетін астық сапасының төмендеуі, тікелей (күзгі) сатып алу бағдарламаларына қатысуға өтінімдердің болмауына қауіп төндіруі мүмкін ауа-райы және климаттық факторлардың жағымсыз әсері.

2) Қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнім көлемін тұрақты ұлғайту және өнім сапасын қамтамасыз ету мүмкіндігіне әсер ететін ауыл шаруашылығын жаңғыртудың төмен қарқыны. Өз кезегінде бұл технологиялық фактор Эмитенттің операциялық қызметіне, экспорттық жеткізілімдерді тұрақтандыру және әлемдік нарықтағы қазақстандық астықтың позициясын бекіту жоспарларының орындалуына әсер етеді.

3) Эмитент пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер (баға тәуекелдері).

24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Тұтынушылар туралы мәліметтер:

Атауы	Эмитент өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)
-------	---

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Атауы	Эмитент өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)
Эмитенттің тауар айналымының көлемі (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) өзі өндірген немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар жоқ.	0

Жеткізушілер туралы мәліметтер:

Атауы	Эмитент тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)
Эмитентпен тауар айналымының көлемі (көрсетілген жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзі өндірген немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілер жоқ.	0

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитенттің жалпы активтері 247 049 493 000 (екі жүз қырық жеті миллиард қырық тоғыз миллион төрт жүз тоқсан үш мың) теңгені құрайды.

Астықтың ең төменгі қоры баланстық құны 43 942 081 000 теңгені құрайтын жалпы активтердің 23,27%-ын құрайды.

Тауарлы-материалдық қорлар баланстық құны 57 493 500 000 теңге болатын жалпы активтердің 17,79%-ын құрайды.

Баланстық құны 32 074 845 000 теңгені құрайтын жалпы активтердің 12,98%-ын тауарлық несиелер құрайды.

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары баланстық құны 36 897 735 000 теңге болатын жалпы активтердің 14,94%-ын құрайды.

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

Дебитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)
------------------	--

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Дебитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)
Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшерінде дебиторлық берешек жоқ.	Қолданылмайды.

27. Эмитенттің эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын кредиторлық берешегі:

Кредитордың атауы	Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	2025 жылғы 3-тоқсан – 1,0 млрд.теңге. 2025 жылғы 4-тоқсан – 1,9 млрд.теңге. 2026 жылғы 1 тоқсан – 14,6 млрд.теңге. 2026 жылғы 2-тоқсан – 0,4 млрд. теңге. 2026 жыл – 1,8 млрд теңге. 2027 жыл – 13 млрд теңге.
Еуразиялық Даму Банкі	2025 жылдың 3-тоқсанында толық мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді: 03.07.2025 ж. – 3,2 млрд. теңге, 25.07.2025 – 5,1 млрд. теңге, 15.08.2025 – 3,5 млрд. теңге.
Айналымға шығарылған Облигациялар бойынша эмитенттің міндеттемелері.	MOEX (Мәскеу биржасы) бойынша облигациялар (ISIN - RU000A102BF7): 2025 жылдың 3 тоқсаны - 0,6 млрд рубль. 2026 жылдың 1 тоқсаны - 0,6 млрд рубль. Облигациялар (ISIN -KZ2C00011534): 2025 жылғы 3-тоқсан – 14,1 млрд.теңге. Облигациялар (ISIN - KZ2C00008464): 2025 жылғы 3-тоқсан – 0,9 млрд.теңге. 2025 жылғы 4-тоқсан – 0,9 млрд.теңге. 2026 жылғы 1 тоқсан – 0,9 млрд.теңге. 2026 жылғы 2-тоқсан – 0,9 млрд.теңге. 2026 жыл – 20,9 млрд.теңге. Облигациялар (ISIN - KZ2C00010023): 2025 жылғы 3-тоқсан – 1,8 млрд.теңге. 2025 жылғы 4-тоқсан – 1,8 млрд теңге. 2026 жылғы 1 тоқсан – 1,8 млрд. теңге. 2026 жылғы 2-тоқсан – 1,8 млрд. теңге. 2026 жыл – 41,8 млрд теңге.

28. Эмитент левереджінің шамасы.

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

	30.06.2025ж.	31.12.2024ж.	31.12.2023ж.
Левередж	1,17	1,50	2,00

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.

Операциялық қызметте пайдаланылатын таза ақша ағыны:

31.12.2024 жылы аяқталған жылға – 40 409 822 мың теңге

31.12.2023 жылы аяқталған жылға – (49 985 982) мың теңге.

Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы:

31.12.2024 жылы аяқталған жылға – 12 812 986 мың теңге,

31.12.2023 жылы аяқталған жылға – 1 136 212 мың теңге.

Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағыны:

31.12.2024 жылы аяқталған жылға – (18 770 251) мың теңге,

31.12.2023 жылы аяқталған жылға – 7 980 510 мың теңге.

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):



Жалпы саны: 40 000 000

Борыштық бағалы қағаздардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны: 1 000

Мемлекеттік тіркеу күні: 07.08.2023

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны: 40 000 000

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 40 000 000 000

Валюта: Теңге

Есептелген сыйақы сомасы: 2 421 108 067

Төленген сыйақы сомасы: 1 800 000 000

Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны: 0

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке). Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі. Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар: ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған

Сауда-саттықты ұйымдастырушы: "Қазақстан қор биржасы" АҚ

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары бар:

- Облигация проспектінде көзделген мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын алуға;
- Облигация проспектісінде көзделген мерзімдерде сыйақы алуға;
- Эмитенттің ішкі ережелерімен және Биржа талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және билік етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде Облигация проспектісінде көзделген шарттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттен Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Жалпы саны: 20 000 000

Борыштық бағалы қағаздардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны: 1 000

Мемлекеттік тіркеу күні: 21.02.2022

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны: 20 000 000

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 20 000 000 000

Валюта: Теңге

Есептелген сыйақы сомасы: 1 129 667 750

Төленген сыйақы сомасы: 900 000 000

Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны: 0

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке). Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі. Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар: ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған

Сауда-саттықты ұйымдастырушы: "Қазақстан қор биржасы" АҚ

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары бар:

- Облигация проспектінде көзделген мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын алуға;

- Облигация проспектісінде көзделген мерзімдерде сыйақы алуға;

- Эмитенттің ішкі ережелерімен және Биржа талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте

Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;

- Облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және билік етуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде Облигация проспектісінде көзделген шарттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттен Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге;

- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.



Жалпы саны: 27 237 000

Борыштық бағалы қағаздардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны: 1 000

Мемлекеттік тіркеу күні: 12.08.2025

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны: 0

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 0

Валюта: Теңге

Есептелген сыйақы сомасы: 0

Төленген сыйақы сомасы: 0

Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны: 0

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке). Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі. Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар: ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған

Сауда-саттықты ұйымдастырушы: "Қазақстан қор биржасы" АҚ

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары бар:

- Облигация проспектінде көзделген мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын алуға;

- Облигация проспектісінде көзделген мерзімдерде сыйақы алуға;

- Эмитенттің ішкі ережелерімен және Биржа талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте

Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;

- Облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және билік етуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде Облигация проспектісінде көзделген шарттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттен

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге;

- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.



Жалпы саны: 7 000 000

Борыштық бағалы қағаздардың түрі: Құқықтарды орталықтандырылған есепке алумен қамтамасыз етілмеген купондық айырбасталмайтын облигациялар.

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны: 1 000

Мемлекеттік тіркеу күні: 15.02.2021

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны: 2 450 000

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 2 450 000 000

Валюта: Ресей рублі

Есептелген сыйақы сомасы: 79 788 277

Төленген сыйақы сомасы: 81 928 000

Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны: 0

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке). Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі. Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар: ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған

Сауда-саттықты ұйымдастырушы: "Мәскеу биржасы" ҚАҚ және "Қазақстан қор биржасы" АҚ. Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Рубльдік облигациялардың иелері келесі құқықтарға ие:

- номиналды құнын алу құқығы;
 - купондық кіріс алу құқығы;
 - облигациялар шығарылымы жарамсыз немесе өтпеді деп танылған жағдайда, сондай-ақ шығарылымға тыйым салудың (шақырудың), кері қайтарып алудың, күшін жоюдың басқа да жағдайларда инвестициялық қаражатты қайтару құқығы;
 - белгіленген тәртіппен облигацияларды еркін сату және сату құқығы (шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарына қатысты Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып);
 - Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ресейлік сотқа шағымдану құқығы;
 - Ресей Федерациясының заңнамасында және шығару шарттарында көзделген басқа да құқықтар.
- Эмитенттің ашық қайтарымсыз ұсынысында көзделген шектеулер (ковенант) жиынтығы бұзылмайды.



Жалпы саны:

Борыштық бағалы қағаздардың түрі:

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны:

Мемлекеттік тіркеу күні:

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны:

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:

Валюта: Теңге

Есептелген сыйақы сомасы:

Төленген сыйақы сомасы:

Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны:

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке).

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар:

Сауда-саттықты ұйымдастырушы:

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар;

Облигация ұстаушылар:

- Облигациялар проспектісінде қарастырылған мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алуға;
- Облигациялар проспектісінде қарастырылған мерзімдерде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Эмитенттің ішкі қағидаларында және Биржа талаптарында қарастырылған тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және өкім етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, оның ішінде Облигациялар проспектісінде қарастырылған ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуын талап етуге құқылы;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары; Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда, осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі;

Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ заңының (бұдан әрі – "Бағалы қағаздар рыногы туралы заң") 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған негіздер басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы мынадай бағалардың ең үлкені бойынша жүзеге асырылады:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

Егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген кез келген шарттың бұзылуына жол берген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген кез келген шарттың бұзылуына жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған сатып алу негіздерінің кез келгені туындаған жағдайда Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.fcc.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларын сатып алу туралы хабарлайды, оның ішінде: (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы туындағаны туралы ақпарат; (ii) Облигацияларды

ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-әрекеттерін, оның ішінде Эмитентке қойылатын талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін атау; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені тиісті хабарлама алғаш жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап жолдау арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың біріншісін алғаннан кейін Эмитент осындай талапты алған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмейтін сатып алу күнін айқындайды және Эмитенттің (www.fcc.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында тиісті хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабардар етеді.

Ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар қоймаған облигациялар осы проспектіде қарастырылған тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

Эмитент осы проспектіде қарастырылған ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, сондай-ақ Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитенттің ұстаушыларға тиесілі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығын Облигацияларды ұстаушылардың іске асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің тиісінше 12 және 32-тармақтарында қарастырылған.

3) өзге құқықтар.

Жоқ.

32. Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

Дефолт - Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – "Дефолт оқиғасы") Эмитенттің осы проспектіде қарастырылған негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Егер мұндай төлемеу не толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының нақты емес не толық емес деректемелерін алуы не "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде Облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбауы нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды осы проспектіде белгіленген мерзімдерде төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес түрде кейінге қалдырылады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескерумен Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін не Облигациялар бойынша талап

ету құқықтарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту мәселелері енгізілуге тиіс, ол Облигациялардың көлемін не ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болған жағдайда) Облигациялар шығару проспектісіне енгізілуі мүмкін өзгерістер жобасын ескере отырып, жасалуға тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ, егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде

қанағаттандыра алмауы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада қарастырылған мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу және Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы іс-қимылдары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, қабылдайды.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушыларды Эмитенттің (www.fcc.kz) және Биржаның (www.kase.kz) корпоративтік интернет-ресурстарында Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) корпоративтік интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлама орналастыру арқылы, осындай ақпарат түрі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Биржа қағидаларында қарастырылған мерзімдерде Дефолт оқиғасы туралы хабардар етеді.

Хабарламада мыналар болуы керек:

- 1) дефолт фактісі туралы ақпарат;
- 2) дефолт туындаған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- 3) Дефолт оқиғасына әкелген міндеттемелердің орындалмау себептері;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- 4) Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын, оның ішінде Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдерін атау;
- 5) Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- 6) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Көрсетілген ақпаратты жария етуді өзге заңды тұлғаға тапсыру қарастырылмаған.

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

- 4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарт жоқ.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Эмитенттің ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы осы проспектінің №1 қосымшасында берілген

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

- 1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Салалық тәуекелдер стратегиялық мақсаттарға қол жеткізбеумен байланысты (аймақтық жағдайлардың өзгеруіне, саланың құлдырауына және басқа да сыртқы факторларға байланысты шығындар тәуекелдері). Эмитенттің негізгі қызметі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге кепілдік беру мақсатында астық дақылдары мен қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда сатып алу, сақтау және өткізуді ұйымдастыру, сондай-ақ астықтың резервтік қорын ұстау арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін астық нарығында тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру болып табылады.

Ішкі нарық

Эмитент астық нарығының белсенді қатысушысы ретінде астық қабылдау кәсіпорындары көрсететін қызметтердің сапасына да байланысты. Эмитенттің астығын ұрлау/зақымдану қаупі бар.

Тұтыну нарығының өсуі азық-түлік өнімдерін және шикі азық-түлік өнімдерін өндіру және экспорттаумен айналысатын ұйымдар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Дүние жүзі халқының табиғи өсу факторы және осыған байланысты азық-түлікті тұтынудың өсуі Эмитентке, сондай-ақ жеке отандық экспорттаушыларға қазақстандық астықтың экспорттық әлеуетін дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларын жасауға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығын жаңғыртудың баяу қарқыны отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнім көлемін тұрақты ұлғайту және өнім сапасын қамтамасыз ету мүмкіндігіне әсер етеді. Өз кезегінде бұл технологиялық фактор Эмитенттің операциялық қызметіне, экспорттық жеткізілімдерді тұрақтандыру және әлемдік нарықтағы қазақстандық астықтың

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



позициясын бекіту жоспарларының орындалуына әсер етеді.

Сыртқы нарық

Бидай өндірісі бойынша Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің бірі. Қазақстан Республикасында астық өндірісі астыққа деген ішкі сұранысты қанағаттандыруға ғана емес, сонымен қатар өткен жылдардың ауыспалы қорларын ескере отырып, жыл сайын салыстырмалы түрде жоғары экспорттық әлеуетті сақтауға мүмкіндік береді.

Эмитент қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі қазақстандық астық экспортын дамыту болып табылады. Осы бағыт аясында Эмитент қазақстандық астықтың экспорттық әлеуетін дамытуға жәрдемдеседі және астықты сақтау және экспорттау инфрақұрылымын кеңейтуге қатысады.

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізат, қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) және олардың Эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері.

Эмитент жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерін (астық, майлы дақылдар) сатып алады.

Сату ауылшаруашылық жылында келесі жылдың қыркүйек айынан тамыз айына дейін жүзеге асырылады.

Қазақстан нарығында пайда болуы мүмкін және өнімді өткізуге теріс әсер ететін факторлардың ішінде мыналар болуы мүмкін:

- ішкі немесе сыртқы нарықта сату бағасының өзіндік құнынан төмен түсуі.

Мұндай фактор алынып тасталды, өйткені сатып алулар ең төменгі баға кезеңінде, әдетте, ауыл шаруашылығы жылында жүзеге асырылады, астық қоры азайған сайын, ішкі бағалар өсу үрдісіне ие.

- экспорттық келісімшарттарды орындау шарттарын бұзу.

Әдетте, Эмитент экспорттық келісімшарттар бойынша өзіне алған міндеттемелердің талаптарын уақтылы орындайды және кепілдік берілген жеткізуші мәртебесіне ие болады. Бұған астық жөнелтілетін астық қабылдау пункттерінің кең желісі және Қазақстан Республикасының негізгі экспортқа бағытталған өңірлеріндегі Эмитент өкілдіктері ықпал етеді.

- экспорттық келісімшарттарды орындау шарттарын қамтамасыз ету үшін астық вагондарының тапшылығы.

Эмитент ұлттық астық тасымалдау операторымен үкіметаралық келісімдер шеңберінде жасалған экспорттық келісімшарттарды орындау кезінде вагондарды басымдықпен беру туралы келісімдерге ие.

- пандемияға байланысты астық экспортына кез келген шектеулерді (тыйым/квота/баж салығы) енгізу.

Бұл фактор нарықтың барлық қатысушылары үшін форс-мажорлық жағдайлардың бірі болып табылады. Бұл ретте Эмитенттің негізгі астық жеткізулері ішкі тұтынушыларға (ұн зауыттары, мал және құс шаруашылығы кәсіпорындары) бағытталған. Мұндай жағдай орын алған жағдайда Эмитенттің өз сату көлемін ішкі нарыққа ауыстыру мүмкіндігі бар.

Теріс факторларға мыналар жатады:

- сыртқы нарықтардағы қолайсыз баға конъюнктурасының әсерінен операциялық қызметтен залалдар;

